

## **Отандық тарихты оқытудағы ұлттық ұстанымдардың кейбір мәселелері**

Мақалада Отандық тарихты оқытудың кейбір өзекті мәселелері қаралды. Автор Отандық тарихты оқытуда қазақ қоғамындағы рухани мұраның тарихына және қазақ зиялыларының тарихи шығармаларын пайдалануда ерекше назар аудару қажет екендігін көрсетті. Сол шығармалар арқылы қазақ халқының дүниетанымының ерекшелігін терең түсінуге мүмкіндік туатыны жайлы айтты.

*Кілтті сөздер:* Қазақстан Республикасы, тарихи сана, ұлттық сана, Отан тарихы, саяси ахуал, әлеуметтік ахуал, халық, тарих, ұлт, дәстүр.

*Жүректің түріп құлағын,  
Ойланып тағы қарашы.  
Кімсің сен, қайда тұрағың,  
Енді қайда барасың?*

Омар Наям

Бүгінгі таңда бүкіл елімізде жүріп жатқан ұлттық мемлекетті нығайту жолындағы игі істер, жаңалықтар өте көп. Солардың ішінде ең бастысы әрбір халықтың тарихын, тілі мен әдебиетіне, мәдениетіне, әдет-ғұрпына, жалпы рухани мұрасына зор құрметпен қарау мәселесі болса керек. Міне, осындай қамқорлықтың бір көрінісі 1995 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес дайындаған Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасу тұжырымдамасы [1] болды.

Онда отандық тарихты оқытудың басымдықтары, негізгі проблемалары айқындалды. Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанда жана әлеуметтік-саяси ахуал қоғамда да, оның азаматтарының санасында да үлкен сілкініс туғызды. Дүниеге, халық пен оның тарихына деген көзқарас та түбегейлі өзгеріске ұшырады. Егеменді ел болып, іргелі дамуға тұғыр болатын ұлттық сананың ұстанымды ерекшеліктерін айқындау қажеттігі туды.

Біріншіден, қазақтың толыққанды ұлт санатында болатынына, яғни оның өзіндік «Мен» (қазақ) дегізгерлік қасиеттерін сақтау мүмкіндіктерінің бар екенін фактілермен дәлелдей отырып оқыту — парыз. Отаршылдықтың ауыр зардаптарына қарамастан, аса тегеурінді этномәдени сананың сақталуының қайнар көзінің бірі дәстүрлі өмір салтының, тарихи маңызы терең талданып, оқу барысында берілуі қажет. Екінші, тарихпен қатар өріліп келе жатқан дәстүрлі құқықтың ел билеудегі, мемлекет пен қоғам үшін атқарар қызметінің ұлт болып ұйысуындағы ролін, нақты мысалдармен оқыту білім берудің ұлттық үлгісінің негізіне айналуы шарт.

Әлемге ғылымы-білімімен атағы жайылған Эллада, Рим, Вавилон, Мысыр, Қытай, Парсы жазба мұрасы, мәдениеті, әдебиеті және заңнама ережелері бар мемлекеттермен көрші отырып, сан мәрте экономикалық, мәдени, саяси байланыс орнатқан, империялық пиғылды сол елдердің бұғауына түспей, ел мен жерді қорғау мүддесі үшін және оның дәулетін молайту жолында, оларға қарсы әскери жорыққа шығып, ата-бабаларымыз көшпелі мемлекетті басқарып, жауына жем болмай, оларға өз үстемдігін жүргізді. Оның дәлеліне «Күлтегін» жырындағы мына өлең жолдарына назар аударған дұрыс.

*Қаның судай ақты,  
Сүйегің тау боп жатты...  
Бек ұлдарың құл болды...  
Пәк қыздарың күң болды...  
Тізеліні бүктірдік,  
Бастыны еңкейттік...  
Еліміз қайта ел болды,  
Халқымыз қайта халық болды [2].*

Міне, осы ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, құлдық пен тәуелсіздік жайында жазылған тарихи жыр жолдарында ұрпақ үшін ұлтымыздың болашағына қажетті тағылым жеткілікті, яғни ұстаздың осының мәнін терең талдап оқытқаны дұрыс.

Үшіншіден, қазақтың жеті атаға дейін қыз беріп, қыз алуға тыйым салғандығы, ұлттық сананы шыңдауға белгілі дәрежеде ықпал еткенін, сол дәстүрдің бүгінгі жаһандану заманында қазақ жастары үшін, ұлтымыздың болашағы үшін құндылығы бар екенін түсіндіру, оқыту қажет.

Қазақ елінің көшпелі тұрмыс-тіршілігінен іріктеліп шыққан әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер мыңдаған жылдар бойы сақталып келген. Бастау көзін әдет-ғұрыптардан алатын дәстүрлер, салт-саналар, жол-жоралар, үкім-кесімдердің құқықтық заң нормаларын орындаған функцияларын талдау арқылы оқыту әдет-ғұрыптың белгілі бір уақыт ішінде өмір сүріп, халықтық сипат алып, мемлекет мүддесіне сай келсе, мемлекеттік биліктегі заң нормасы болып танылғандығын, дәстүрлердің озық үлгілері мемлекеттік, саяси күшке ие болып, қоғамдағы билік саласындағы қызметтерді реттеуге, өзінің тыйым салу пәрмені арқылы заңды игіліктерді, оның ішінде жеке адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын мемлекеттік құқықтың ең жоғарғы сатысына көтерілгенін көрсету оқытудағы басты бағыт болуы керек.

Халқымыздың ойға орамды, жүрекке жылы икемді, есте сақтауға ыңғайлы сөз тіркестері, ұйқасты әуезбен, шешендік үлгідегі нақыл сөздер заң ережесіне айналған. Олар қазақ мемлекетіндегі дәстүрлі құқықтың бұлжымас қағидасы деп танылған. Нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді бүгінгі күндегі кодекс ретінде қолданып жүрген нормативтік заңдармен салыстыра қарап, талдау арқылы, ұлттық ой-пікірдің ұшқырлығы, ерекшелігін көрсетуде, жас ұрпақ санасына ұлттық мақтаныш, тіліне деген құрмет қалыптасуына ықпал жасайтыны сөзсіз. Мысалы, сот ісін жүргізген билер туралы: «Қара қылды қақ жару», «Әділ билік — алтын таразы», «Тура биде туған жоқ», «Жетпеген билік жеті ұлықтың есігін ашады» және қылмыстық істерге қатысты айғақ-дәлелдер мен үкім-келісімдер, азаматтық, шаруашылық істердегі заң нормаларына келетін мақалдар мен нақыл-сөздер; сөз маржандары қазақ қоғамындағы тұрмыс-тіршіліктің өзінен ерекшеленіп шыққан, халықтың ұғымындағы дәстүрлі құқықтарының тұжырымдары. Осы ойы өткір, тегеуріні мықты аталы сөзге тоқтай білген халықтың бүгінгі ұрпағына дәстүр-салттарын тереңірек талдап, қазақтың би-шешендері жөнінде жарық көрген басылымдарды пайдаланған жөн [3].

Отандық тарихты оқыту барысында би-шешендер ерекше тұлға екені баса айтылуы тиіс. Би-шешендер тек қазаққа ғана тән құбылыс, ол біздің халықтық асыл қазынамыз. Осы феномендік қасиеттерді оқып-түсінетін ұрпақ тәрбиелеу білім берудің ұлттық үлгісінің біріне айналмай отандық тарихты оқыту әдісі жетілмейді [4].

Отандық тарихты оқытуда басты көңіл идеялық тұғырды түсіндіруге аударылуы тиіс. Яғни дербес мемлекеттікті сақтау және дамыту жолындағы іс-әрекеттер тарихын, бүгінін, болашағын салыстыра оқыту. Соның бірегейі мемлекеттік тіл арқылы оқылтын тарих, елдің аумақтық тұтастығын сақтау, нақтылы экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікке жетудің күрделі және ұзаққа созылатындығын түсіндіру. Ол үшін ұлттық мүдде тұрғысынан елді басқаруда ерекше қажыр-қайрат, төзімділік қажет екенін түсіндіру қажет.

Ұлттық мүддеге қызмет етудің ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген тарихи тұлғалардың, мемлекет басқарушылардың тарихын, солардың өз еңбектерін талдап оқыту арқылы берілуі қажет. Мысалы, Е.Б.Бекмаханов туралы тарихты оқытқанда мына проблемаларға көңіл аударған дұрыс.

Тарихты оқытуда қазақ тарихын жазу үшін қажетті деректердің ішіндегі құндыларының бірі — ұлттық құжатты (ақын, жыраулар шығармалары, шежірелер, ұлттық аңыздар, эпостық жырлар) пайдалану. Яғни бүгінгі біз айтып жүрген ұлттық деректердің, ауызша тарихи дәстүрлердің, фольклордың маңыздылығын жете түсіндіру.

Е.Б.Бекмахановтың еңбегін оқыта отырып, Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру мәселесін қозғап, тәуелсіз мемлекет деген тақырыпты оқушылардың зердесіне салу. Сонымен қатар әлі толық зерттелмеген қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік құрылымы, саяси-экономикалық мәселелері, жер қатынастарын ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Бүгінгі күні өзекті болып отырған ұлттық оқулық жазу мәселесіне баса назар аудару қажеттігін де Е.Б.Бекмаханов алға қойғандығын атап айту керек.

Е.Б.Бекмахановтың Едіге батыр туралы деректер келтіре отырып, еңбек жазуы ұлттық батырларды, ру батырларына бөлмей, олар жайлы ерлердің ерліктері сериясын жазу керектігін, сол арқылы ұлттық сананы оятуды, азаттық қозғалыстағы қазақ батырларының ролін көрсеткендігін оқыту қажет. Ол Қазақстан тарихында тарихшы М.П.Вяткиннен кейін екінші болып ұлттық қозғалыс, тарихи тұлға мәселелерін, теориялық оқыту, методологиялық проблемаларды зерттеуі басқа да тарихшыларға ой салады. Оның еңбегінде Алтын Орда және оның Ресеймен қарым-қатынасы, Русь және Дешті-Қыпшақ, Патша үкіметінің Қазақстанда жүргізген саяси-әкімшілік реформалары,

қырғыз-қазақ қатынастары, ел билеудің дәстүрлі институттары, орыс-қазақ шаруаларының бірлескен күрестері, Қазақстанның Қытаймен, Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтарымен қарым-қатынастары деген күрделі проблемалардың орын алуы — болашақ тарихшылардың бүгінгі күнгі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінде сыртқы саяси қарым-қатынасқа негіз болғанын көрсету.

Е.Б.Бекмаханов еңбегі — отандық тарихта тарихнамалық еңбек жазудың үлгісі, оның еңбектерінде келтірілген мұрағат деректерінің өзі Қазақстан тарихын зерттеуде пайдаланатын бір мәселе. Оның түрмеде жазған хаттарынан, көрген азаптарынан 1991 жылға дейін зерттелмеген тарихи проблемада Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген зорлық-зомбылығы деген тақырып XX ғ. 40–50 жж. өзінде күн тәртібінде тұрғандығын көрсету керек. Оны айыптау құжаттарынан қазақ зиялыларының 1937 ж. кейінгі екінші рет қудалау тарихын зерттеуге қажетті деректер алуға болады.

Қазақ зиялылары туралы тақырыптарды оқытқан кезде Ә.Бөкейхановтың қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысты еуропалық, демократиялық, конституциялық, парламенттік күрес жолы арқылы тәуелсіздікке жетуді жақтағанын және А.Байтұрсыновтың ұлт-азаттық қозғалысқа гуманистік, ұлттық сипат бергендігін, оқу-ағарту арқылы ұлттың өзін-өзі билеуге жетуге шақырғандығын баса айту керек. Яғни қазақ зиялыларының идеялары тәуелсіздіктің ұлттық тұғырнамасы болғандығын терең түсіндіру парыз.

Ұлы реформатор А.Байтұрсынов туралы материалдарды түсіндірген кезде оның мынадай мәселелерге көңіл бөлгендігін баса айтуға тиіспіз. Оның кәсібилікке көңіл бөлгендігі. Оның айтуынша, «мал бағатындар мал бағуын жақсы білуге керек», «ел бағатындар ел бағуын жақсы білуге керек», «бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білуі керек» дей келе, «жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын» азаматқа «ұлт намысы» екі ауылдың, я екі рудың намысы емес екендігін ескерткендігін көрсету қажет.

«Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!» — дей келіп ол: «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы», — деп пайымдайды. Рухани отаршылдықтың сырын терең түсінген халықты құлдықтан, «соқыр санадан», «адамдық айуандықтан» құтқарудың жолын іздейді. Осы ой-пікірдің мәнін ашып, бүгінгі күнмен байланыстыра түсіндіру абзал.

А.Байтұрсынов ұлы ұстаз-теоретик ретінде бала тәрбиесінен бастап ұлттық санаға дейінгі педагогикалық проблемаларды жан-жақты зерделеген. «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, бізде өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік», — деп армандайды, соның концептуалдық мәнін ашып түсіндіру керек.

А.Байтұрсынов ұлт ұстазы ретінде, М.Әуезов айтқандай, «елшілдік ұранын» көтерді, ұлттың мұң-мұқтажына, мүддесіне тоқтала келіп, «заманына қарай амалы» барын айтып, «талап жоқ, үміті мол» қазаққа «ғамалыңды түзет, түзелмесең ешкімге кінә қойма!...Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден, тер сіңірген тиын жұғымды» екенін дәлелдеді, XX ғ. басындағы нарықтық экономикаға халық пейілін бейімдейді.

Ол ұстаздықты ұлттық мүддеге бағындырып, ағартушылықты планетарлық масштабта қарады, өз халқын білім жарысына түсетін күнді жақындатты. Бұл бүгінгі күні Елбасымыз Н.Назарбаевтың «бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу» идеясымен ұласып жатқандығын түсіндіруге міндеттіміз.

А.Байтұрсыновтың шәкірттері ішінде М.Дулатов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, башқұрт Заки Валиди Тоган, қырғыз И.Арабаев, Ә.Сыдықов «Қазақ» мектебінен өткен зиялылар ретінде олардың еңбектерінде талдап оқыту қажет.

Ресейлік отаршылдық қанаудан, кеңестік ұжымдастырудан, саяси қуғыннан, ұлтшыл деп жойылудан, орны толмас мәдени шығындардан, қазақ халқының бір бөлігі мәңгірттенуге жақындаған, ұлттық киесі күйреген, кезеңінен де мың өліп, мың тірілген ұлтымыздың психологиялық тығырыққа тірелмей, өздерін ұлы өркениеттің мұрагері, өзінің ұлттық «Мен» (қазақ) дегізерлік қасиеттерін алып шығып, оны жаңғырта білгендігі және ұлттық мәдени дамуды тежеу ешкімнің қолынан келмегендігін терең талдау бүгінгі таңдағы оқытудың басты міндеті болмақ.

Өлмейтін, өміршең қазақтың рухани әлемі ауызекі поэзия дәстүрін тарих пәнінде оқыту арқылы, қазақтың терең дүниетанымдық қасиеттерін берудің маңызы зор. Рухани төлтумалықтың темірқазығы тек зиялылар ғана емес, қара халықтың өзі болғандығын түсінген ұрпақ қана құлдық психологиядан арылады. Малшысы мен манабының бір деңгейде сөйлейтініне мақтанған халықтың, ұрпағына қазақ тілінде өз тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндіру ойлаудың ұлттық ерекшелігі

болып шығады. «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған — оның ғажайып тілі» [5].

Отандық тарихты оқытуда ұлттық ұстанымның бірі ретінде қазақ болмасының ерекшелігі оның тарихшылдығы, шежірешілдігі болады. Сондықтан да далалық ауызша тарихнама терең талданып, білім стандарты бойынша оқытылуы қажет.

Тарих дегеніміз өмір, қоғам және адамтанудың ұлы мектебі екендігіне көңіл аудара отырып, қазақтың қоғамдық құрылымында жеті ата ғана емес, тұтас елді саралап танып, сабақтап тарата білу кез-келген қазақ үшін өмір салтына, әрі өмірлік қажеттілігіне, әрі кісілік нормасына айналғанын түсіндіру керек. Сондықтан да отандық тарихты оқытуда бұл мәселеге көп көңіл бөлу, бүгінгі тек тест жаттап, өсіп келе жатқан ұрпақ үшін білімділікпен қатар өз халқын сүюге де тәрбиелейтіні сөзсіз.

Тарихымызды оқыту да, жаңаша жазу да бүгінде күрделі. Солардың бірі тарихты кезеңдеу мәселесі. Бұл жөнінде әлі орныққан методологиялық шешімдер жоқ [6].

Қазақ халқының тарихы «ұлттық тарих жылы» деп аталған кезеңде кеңірек зерттеле бастады, алайда басшылыққа алатын методологиялық принциптер жоқтың қасы. Бұл қиындыққа қарамай, ұлт болып қалу үшін ұлттық тарихымызды оқытуда ұлттық ұстаным және білім берудің ұлттық үлгісін жетілдіру міндеті тұр.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы. — Алматы, 1995.
- 2 Жолдасбеков М. Асыл арналар. — Алматы, 1986. — 40, 41-б.
- 3 Қазақтың жүз би-шешені // Қазақ әдебиеті. — 1993. — 23, 30 сәуір; 7, 14, 28 мамыр; Билер сөзі — ақылдың көзі. — 4, 11, 18, 25 маус.
- 4 Нысанбек Төреқұл. Даланың дара ділмарлары. — Алматы, 2001.
- 5 Назарбаев Н. Тарих толқынында. — Алматы, 1997.
- 6 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. — Алматы, 2006.

Н.А.Бейсенбекова

#### Некоторые проблемы национальной позиции в изучении отечественной истории

В статье рассматриваются некоторые актуальные проблемы преподавания отечественной истории. Автор предлагает обратить внимание на необходимость использования на уроках духовного наследия казахского общества и исторических произведений представителей казахской интеллигенции для более глубокого понимания особенностей мировоззрения народа.

N.A.Beysenbekova

#### Some problems national position in the study of national history

The article discusses some current problems of teaching national history. The author drew attention to the need to use when teaching World History of the spiritual heritage of the Kazakh society and historical works of representatives of Kazakh intellectual for a deeper understanding of the worldview of the people.